

№3 Мәртөк орта мектебінің 3 «А» класс жетекшісі Оразбаева Шынаргулдің тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарының жылдық қорытындысы туралы мәлімет

Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Жыл басында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша құрылып, бекітілді, тәрбие сағаттары өткізілді. Класта оқу жылының басында 17 оқушы, 9 ұл, 8 қыз.

1-Қыркүйек күні «Мектебім мейірім мекенім» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Құндылығы: ұлттық мүдде. Мектеп туралы мағлұмат берілді. Мектеп ережелері туралы таныстырылды. Білімдері дамуы туралы айтылды. Қазақстанның даму тарихы туралы айтылды. Оқушыларға слайдпен суреттер көрсетілді, туған елі туралы жалпы мағлұматтар берілді. Оқушыларға бір неше сұрақтар қойылды.

Жол ережесі, мектеп ережесі және қауіпсіздік ережелері таныстырылып оқушыларға қол қойдырылды. Күнделікті сабақ соңында жол ережесі естеріне салып отырылды. Ата-аналар жиналысы өтіп, мектеп формасы, сабаққа қатысымы, оқу құралдары туралы айтылып, ата-аналар комитетінің төрайымы және көмекшісі сайланып, өз міндеттерімен танысты. Ата-ана комитетінің төрайымы: Иманғалиева Толғанай Худайбергеновна Көмекшілері: Темирханова Айзада Талғатқызы, Бахтыбаева Даригул Нағыметовна

Отбасы мерекесіне орай «Отбасы – бақыт аясы» атты тәрбие сағаты өтілді. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Отбасымен тату-тәтті өмір сүру туралы айтылды. Тілдер мерекесіне арнап «Менің тілім-менің досым» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Өз тілін құрметтеуге және басқа тілді білуге тәрбиелеу. Оқушылар тақпақтар айтты. Ұстаздар мерекесіне арнап «Ұстаз-ұлы тұлға» тәрбие сағаты өтілді. Құндылығы: ар-ұят. Ұлағатты ұстаздар туралы әңгіме жүргізілді. Ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Ұстаздар туралы әндер айтылды. Республика күніне байланысты «25 қазан Республика күні» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Құндылығы: ұлттық мүдде. Мемлекет туралы бірнеше мәліметтер берілді. Тақпақтар, мақал-мәтелдер айтылды. Суреттер, бейнефильмдер көрсетілді. Күз мезгілінің аяқталуына орай «Күз-береке, күз-мереке» тәрбие сағаты өтілді. Құндылығы: талап. Күз мезгілінің ерекшелігі айтылып, күз мезгіліне байланысты табиғи заттардан коллаж жасатылды. Оқушылар күз мерекесіне арнап тақпақ айтылып, би биленді. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Елімнің ертеңі -Тәуелсіздік» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Оқушылар тәуелсіздік мерекесіне арнап тақпақ айтылып, би биленді. Желтоқсан оқиғасын бейнеролик арқылы қарады. Оқушылар өз ойларын айтып жеткізді. Жаңа жыл мерекесіне орай «Жасыл шырша жанында» тақырыбында мерекелік шара өтілді. Құндылығы: ар-ұят. Мерекеге ата-аналар қатысты. Оқушылар тақпақ айтты, би биледі, ойын ойнады, көрініс қойды. Аяз

атадан сыйлық алып, қуанышты болып, үйлеріне тарасты. 8-Наурыз мерекесіне орай «Ана-өмірдің гүлі» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздім. Құндылығы: ар-ұят. Оқушыларға мереке туралы мағлұмат берілді. Ән шырқалып, ана жайлы тақпақтар айтылды. Би биледі. Аналарына ашық хаттар берілді. Оқушыларға сабақ қызықты болды. 14-наурыз көрісу күніне орай «Амал келді, Жыл келді!» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздім. Құндылығы: Ар-ұят. Оқушылар бір-бірімен көрісті. Видеролик көрсетілді. Ән, тақпақтар айтылды. Тәрбие сағаты жақсы өтті. Наурыз мерекесіне орай «Наурыз-жыл басы» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздім. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Наурыз мерекесіне орай наурыз көжеден дәм татты. Наурыз көже дайындау үшін оған салынатын заттар құрамы айтылды. Әр түрлі ұлттық ойындар ойнатылды.

1-мамыр достық мерекесіне орай «Қазақстан татулық мекені» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Қазақстанда 130-тан астам ұлт өкілдері тұратыны айтылды. Әр ұлттық өзіне тән салт-дәстүрлері бар екендігі түсіндірілді. Сабақ жақсы өтті. 7-9 мамыр мерекесіне орай «7,9 мамыр- Жеңіс деген шат күлкісі баланың» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздім. Құндылығы: Ұлттық мүдде. Оқушыларға видеороликтер көрсетілді. Жеңіс оңайлықпен келмегені жөнінде айтып түсіндірілді. Оқушылар сабаққа жақсы қызыға қатысты.


Қосымша тәрбие сағаттары өз уақытында өткізілді.

Әр тоқсан сайын кезекті ата-аналар жиналысы өз уақытында өтіліп тұрды. Ата-аналар жиналысында оқушылардың тоқсандық бағалары, сабаққа қатысымы, тәртібі туралы айтылды. Оқушылар мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып отырды. Олар: Серікбай Али Халықаралық "Пони" Әлемді ашады байқауы 3 орын, "Smart оқушы" интеллектуалды олимпиада 2 орын, "Математика -ғажайып әлем" облыстық математикалық олимпиада ауданық кезең Алғыс хат, Кулькашева Әдемі Абай пәндік олимпиада 1 орын, Курбаниязов Айсултан Абай пәндік олимпиада 2 орын, Халықаралық "Пони" Әлемді ашады байқауы 3 орын, "Smart оқушы" интеллектуалды олимпиада сертификат, Нурлан Жан Халықаралық "Пони" Әлемді ашады байқауы 3 орын, Косыбаева Нұрай "Smart оқушы" интеллектуалды олимпиада 1 орын, Саматдин Нұртас Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізілген «Тәуелсіз елдің балалары» байқауына қатысып сертификат алды. Сыныпта төмен оқитын оқушылар бар. Олар: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар Саматдин Нұртас, Үсен Нұралы. Бұл оқушылармен жеке жұмыстар жүргіздім. Ата-аналарымен байланыста болдым. Денсаулығына байланысты үйренгенін тез ұмытып қалады. Хайруллинна Жасмин, Нұрлан Жан төмен оқитын оқушылардың бірі. Олармен жеке жұмыстар жүргізіп, ата-аналарымен байланыста болдым. Жыл соңында 17 оқушы болды. Ұлы-9, қызы-8.

Жыл соңында оқу жылындағы жұмыстар қорытылып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың жеке іс қағаздарына қол қойылып, жаздағы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы айтылып, қолдарын қойды.

Қорытындылай келе биылғы оқу жылында сыныпта тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Жылдық жоспарланған барлық тәрбие сағаттары уақытында өтті. Келесі оқу жылында да жазғы демалысты көңілді өткізіп, жаңа оқу жылына үлкен дайындықпен келу қажеттілігі айтылды және төмендегідей міндеттер қойылды.





1. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.
2. Оқушыларды жарыстарға алдын-ала дайындау, нәтижелерге қол жеткізу.
3. Аудандық кітапханаға саяхат жасау.

Класс жетекшісі:  Оразбаева Ш. К.



«Алғыс айту- парызым»
Ашық сабақта





«Оқуға қүштар» оқу аясында



8-наурыз мерекесінде



Көрісу күнінде



Диктант жазу кезінде



МАРҒАНА




МЕМБЕР 24 2020

7-9- мамыр мерекесінде



HAPPY DAYS



НОЯБЕР 24 2020

«Білім-Отаныма» тәрбие сағатында



Оқу барысында алған дипломдары